

Мақала  
FTAMP 16.31.02

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-193-200>

**А.С. Барменқұлова** 

докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: bs.aida@mail.ru

## АЙМАҚТЫҚ ЛЕКСИКАДА САҚТАЛҒАН ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСТА БЕРІЛУІ

**Аңдатпа.** Мақала аймақтық лексикада сақталған этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста лексикографиялау мәселесіне арналған. Қазақ халқының тұрмыс кешкен ортасына, территориясына, қоршаған табиғатына сай қалыптасып, тілде сақталған бірегей тарихи дамуы мен күнделікті өмір сүру ерекшеліктері, өмір сүру салты мен дәстүріне қатысты мәденитанымдық этномәдени құндылықтарды зерттеу заманауи антропоэлектік парадигма аясында өзектелуде. Зерттеуіміз тілде сақталған этномәдени бірліктердің цифрлануымен ерекшеленеді.

Қазақ мемлекетінің бүгінгі таңдағы даму барысын белгілейтін қоғамдық-әлеуметтік жаңару бағдарына сай тіл арқылы ұлт құндылықтарын игеру аса маңызды. Зерттеу жұмысымыздың маңыздылығы – этномәдени бірліктердің мәнін архетиптік санада жаңғыртып, бүгінгі тіл иесінің қолданысындағы сөз әлеуетін таныту. Ғылыми зерттеудің мақсаты – тілші-ғалымдардың танымдық көзжигін кеңейтіп, тіл арқылы мемлекетшілдік сана деңгейін көтеру. Жұмысымыздың өзектілігі – ұлттың дүниетанымымен, ұлттық болмысымен ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан, ғасырлар бойы жасаған ұлттық мәдениетімізді жаңғыртып, ұлттық корпус арқылы болашақ жастарға аманаттау. Корпус мәселесі қазақ ғылымында бұрын қозғалмаған. Қазіргі кезде дамып, салаланып, көптеген ішкорпустармен толыққан.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен талдаулары қолымызда жинақталған этномәдени атаулар қолданыста жоқ немесе аймақтық қолданыста сақталған, немесе шеттілдік балама атаулар арқылы қолданатын жастарға *саба*, *күбі*, *көзе* сияқты этнолексикалық бірліктердің көмескіленген мағынасын түсіндіріп, *адалбақан* мен *кебеженің*, *тай* мен *құнанның* айырмашылығын ажырата білуіне корпус арқылы көрсету болып табылады. Қазақ тіл біліміндегі этнолингвистикалық, лингвомәдениеттанымдық, диалектологиялық, әлеуметтанымдық т.б. зерттеулерде түсіндіріліп, жинақталған «қазақ әлемін» танытатын этномәдени бірліктердің жүйесін ұлттық корпуста берудің ғылыми-әдіснамалық үлгісін көрсету – жұмысымыздың арқалаған міндеті. Жұмысымыздың құндылығы тіл арқылы ұлт мәдениетін (болмысын) заманауи лингвистиканың ақпараттық көзі ретінде ізденушілердің жұмысын оңтайландыруында болып отыр.

**Тірек сөздер:** этномәдени бірліктер, антропоэлектік парадигма, ұлттық корпус, аймақтық лексика, автоматтандыру.

**А.С. Барменқұлова**

докторант, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,  
Казахстан, г. Алматы, e-mail: bs.aida@mail.ru

## ПЕРЕДАЧА В НАЦИОНАЛЬНОМ КОРПУСЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЕДИНИЦ, СОХРАНИВШИХСЯ В РЕГИОНАЛЬНОЙ ЛЕКСИКЕ

**Аннотация.** Статья посвящена вопросу лексикографии этнокультурных единиц, сохранившихся в региональной лексике в национальном корпусе. В рамках программы актуализируется изучение этнокультурных ценностей, связанных с уникальным историческим развитием и особенностями быта и традиций казахского народа, сформировавшихся в соответствии с характером окружающей среды и территории, сохранившимися в языке в рамках современной антропологической парадигмы. Наше исследование отличается оцифровкой сохранившихся в языке этнокультурных единиц.

Очень важно овладеть ценностями нации через язык в соответствии с направлением общественного обновления, которое определяет современное развитие казахского государства. Важность нашего исследования состоит в попытке воспроизвести значение этнокультурных единиц в архетипическом сознании, а также показать потенциал слов в употреблении современного носителя языка. Цель научного исследования – расширить познавательный кругозор языковедов и повысить уровень государственного сознания посредством языка. Актуальность нашей работы заключается в обновлении нашей национальной культуры, которая передавалась из поколения в поколение, создавалась веками и вверялась будущей молодежи через национальный корпус. Вопрос корпуса ранее в казахстанской науке не обсуждался. В настоящее время он развился и разветвился и имеет множество подкорпусов.

Результаты и анализ исследовательской работы призваны объяснить неясное значение таких этнолексических единиц, как *саба*, *кобе*, *козе*, чьи этнокультурные названия не в употреблении, либо сохранились в региональном

обиходе, либо будут найдены иностранные альтернативные названия, а также показать с помощью корпуса, что они могут понять разницу между *адалбакан* и *кебеже*, *тай* и *кунан*. Основная задача нашей работы – представить научно-методологическую модель системы этнокультурных единиц, представляющих «казахский мир», объясненную и собранную в этнолингвистических, лингвокультурологических, диалектологических, социологических и др. исследованиях в казахском языкознании. Ценность нашей работы заключается в оптимизации работы тех, кто ищет национальную культуру (бытие) через язык как информационный источник современного языкознания.

**Ключевые слова:** этнокультурные единицы, антропоцентрическая парадигма, национальный корпус, региональная лексика, автоматизация.

### A. Barmenqulova

Doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University,  
Kazakhstan, Almaty, e-mail: bs.aida@mail.ru

## TRANSFER OF ETHNOCULTURAL UNITS STORED IN THE REGIONAL LEXICON TO THE NATIONAL CORPUS

**Abstract.** The article is devoted to the issue of lexicography of ethnocultural units preserved in the regional vocabulary in the national corpus. The program updates the study of ethnocultural values associated with the unique historical development and characteristics of the life and traditions of the Kazakh people, formed in accordance with the nature of the environment and territory, preserved in the language. within the modern anthropological paradigm. Our research is distinguished by the digitization of ethnocultural units preserved in the language.

It is very important to master the values of the nation through language in accordance with the direction of social renewal, which determines the modern development of the Kazakh state. The importance of our research is to reproduce the meaning of ethnocultural units in the archetypal consciousness, as well as to show the potential of words in the use of a modern native speaker. The purpose of scientific research is to expand the cognitive horizons of journalist-scientists and raise the level of state consciousness through language. The relevance of our work lies in the renewal of our national culture, which has been passed down from generation to generation, created over centuries and entrusted to future youth through the national corpus. The issue of the corpus was not previously discussed in Kazakh science. Currently it has developed and branched out and has many subsidiary corporations.

The results and analysis of the research work are intended to explain the unclear meaning of such ethnolexical units as *saba*, *kubi*, *kose*, whose ethnocultural names are not in use, either is preserved in regional use, or foreign alternative names will be found, and also show with the help of the corpus that they can understand the difference between *adalbakan* and *kebeje*, *tai* and *kunan*. The main objective of our work is to present a scientific and methodological model of the system of ethnocultural units representing the “Kazakh world”, explained and collected in ethnolinguistic, linguistic, dialectological, sociological and other studies in Kazakh linguistics. The value of our work lies in optimizing the work of those who are looking for national culture (being) through language as an information source of modern linguistics.

**Keywords:** ethno-cultural units, anthropocentric paradigm, national corpus, regional vocabulary, automation.

### Кіріспе

Тілдің қызметі – этномәдени бірліктердегі ақпаратты ұлттың рухы ретінде ұлттың бойына сіңіріп, сақтау. Сайып келгенде, тілдің қызметі арқылы «тіл – халықты бір бүтін етіп тұтастырушы арқау» деген тұжырым халқымыздың бүгінгісі мен кешегісі, болашақ тарихы мен бағдарын белгілеудің өзектілігін құрайды. Қазақ тілінің ұлттық корпусы – ана тіліміздің мол байлығын көрсететін заманауи баға жетпес рухани қазына. Осыған байланысты ұлттық танымға нұсқау болатын, ұлттық нақышы айқын, ұлттық дүниетанымның мазмұнын лингвомәдени (этномәдени) бірліктер құраса, оның ең құнарлы бөлшегі – этномәдени лексика.

Этномәдени лексика – қазақ мәдениетінің ұлттық құндылықтарын тіл арқылы жинақтаған, заманнан-заманға жеткен құнды деректер мен рухани қазыналы байлығы. Осы болмысына сәйкес ұлттық тілдің тарихи дамуына байланысты күрделі, сан түрлі кезеңдерден өткен, өте кең ауқымды қамтитын ұғым болғандықтан, құрамы жағынан бірыңғай сипатта қолданыла бермейді. Бірақ қазақ әдеби тілінің даму, қалыптасу мен тарихи-диалектологиялық т.б. зерттеулерінің нәтижесіне сай – ортақтығы басым монолитті тіл. Бұл қасиет оның біртұтастығының жергілікті сипаты болса да, кең-байтақ аймақтың әртүрлі кезеңінде шетелге қоныс аударған қандастарымыздың бір-бірін еркін түсінісуі, қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері «сөйленіс» аталып, «сөйленістер тобына» жіктеледі.

Осыған орай «сөйленістер жүйесі» – бұл қазақтың ұлттық тілінің ажырамас бөлігі, ал

«аймақтық лексика» болса, осы жүйенің тіл тарихына қатысты қабаттардан тұратын кең саласы, тіл тарихының тарихи-әлеуметтік деректерінің реликтілік дәйеккөзі ретінде қарастыруымызға болады.

Аймақтық лексика – тарихи жазба деректерінің аздау сақталған түркі тілдерінің бірі ретіндегі қазақ тілінің өз тарихын, рухани-материалдық байлығын зерттеп-зерделеуінде өзін тану жолына жүгінетін көнекөз күәсі. Аталмыш лексика қазақтың дәстүрлі мәдениетінің аймақтық көріністерін әлі күнге дейін таңбалап, реликтілік сипатта осылайша сақталған аймақтық сөздердің мазмұнын тіл иесінің этномәдени болмысын бейнелейді. Олай болса, қазіргі қоғамдағы рухани жаңғыруға бет бұрған бағдарды жүзеге асырудың жаңа сапалық деңгейіне сәйкес «Әділетті Қазақстан» құруға рухани-танымдық тетік болатын, мемлекетшілдік сана қалыптастыруда қозғаушы күш ретінде танылатын, тереңнен жалғасқан танымдық-ақпараттық көздің бірі – аймақтық лексика. Ол – қазақтың біртұтас тілінің аймақтық қолданысы мен тіл тарихының үдерісінде қазақ жұртының реликтілік тілдік көрінісі ретінде сақталған төл мәдениетінің бөлшегі.

Заманға сай тіл ғылымының этномәдени бірліктерді бөліп зерттеуден гөрі оларды өзара байланыстыру этномәдени ақпарат жинақтары ретінде тұтас анықтап отырған кезеңінде аймақтық лексиканы этномәдени дереккөзі, ұлттық мәдениеттің аймақтық көрінісі тұрғысынан айқындап, оның мәдени-танымдық қызметін көрсетуге арналған зерттеу жұмыстарының маңыздылығын айқындап көрсетеді. Ұлттың тілінде таңбаланып, оның тұрмысымен байланысып келе жатқан ұлттық коды, осы аймақтық лексикадан кең көлемде таратылған, мәдени құндылықтарының аймақтық лексикада өзіндік ерекшеліктерін ала отырып, ұлттық мәдениетті айшықты толықтыра түсетініне ден қойып зерттеу тіл арқылы бейнеленген этномәдени тұтастықты зерттеу жұмысының өзектілігін нақтылай түседі.

Зерттеуші С.Б. Бектемирова өзінің «Лексикалық бірліктердің этномәдени табиғаты (түркі тілдеріндегі кинологиялық атаулар негізінде)» атты мақаласында: «Көбінесе лингвистикалық мәдениеттану этнолингвистикамен байланысты, біраз мәселелерді шешуде, теориялық, ғылыми принциптері, зерттеу нысаны мен мақсатының өзектес, тамырлас екені дау туғызбайды. Екеуінің арасын жалпы мен жалқының, бүтін мен бөлшектің байланысы іспетті қарауға болады», – деп жазады (Бектемирова, 2011: 57). Міне, бұдан этномәдени бірліктерді қарастыратын этнолингвистика саласы екенін байқаймыз. Осымен байланысты аймақтық қолданыста сақталған этномәдени бірліктер қазақ мәдениетінің құндылығын бойына терең дарытып жинақтаған, ғасырдан мұра болып келе жатқан байлығы деп қарастырсақ, оны жинақтап, жүйелеудің және ақпараттық-танымдық қорын ұлттық корпуста сай автоматтандыру үдерісін жүзеге асыру – аса өзекті. Осыған орай бұл жұмыс этномәдени бірліктердің сөздігін құрастырып, әрі қарай оның этномәдени ішкорпусының алгоритмін жасауға жалғасады.

### **Материал және әдістер**

Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, оның деңгейі, этномәдени мазмұнды аймақтық лексиканың ерекшелігі, ұлттық болмысты танытатын рухани және материалдық мәдениеттің тілдік бірліктері зерттеудің негізгі материалы ретінде қарастырылады.

Лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б. бірліктердің мазмұнында сақталған этномәдени болмысты ашудың тәсілдері ретінде лексика-семантикалық, мәдени-семантикалық, этнолингвистикалық, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылып, тілде сақталған этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста беру үлгісіне негіз болды.

### **Әдебиетке шолу**

Қазақ руханияты мен тіл арқылы ұлт болмысын танудың қазақ тіл біліміндегі бастау көзі Қ. Жұбанов, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, Ш. Уәлиханов т.б. еңбектерінен басталып, кейін І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Қазіргі заманауи лингвистиканың *тіл-ұлт-мәдениет* үш тағанындағы сабақтастықта жүргізілуі – антропоөзектік парадигма аясында қалыптасқан қағида. Осымен байланысты тілді коммуникативтік-прагматикалық, когнитивтік және лингвомәдени, лингвоәлеуметтік, психолінгвистикалық, лингвоэкологиялық т.б. кешенді тұрғыдан қарастырудың концептуалдық

негізінде анықтау, сөздердің коммуникативтік сапаларын ашу – тіл арқылы мәдениетті жаңғыртуға қатысты қазіргі тіл білімінің өзекті мәселесі. Себебі дәстүрлі-құрылымдық лингвистикада сөздердің мағынасы тура және ауыспалы немесе көпмағыналылық деңгейлермен шектеледі. Сонымен қатар *көне сөз*, *тарихи сөз*, *кірме сөз* деп ажыратылады. Сол сөздердің тарихи кезеңінің мәдениетін танытатын белгілерін, ұлттың этникалық болмысын, дүниетанымын, қабылдау әлемін айқындауда кезінде құрылымдық лингвистиканың жан-жақты зерттеуге ала-алмайтындығын байқатты. Сондықтан антропоөзектік бағытта этнолингвистика, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика, психоллингвистика зерттеушілері сөздің денотаттық, коннотаттық, сигнификаттық мағынасын, бейнелі, жасырын және окказионалды, узуалды мағынасын, кешенді ұлттық кодын ашуға мүмкіндік береді. Ұлттық және антропоөзектік парадигмада екеуі бірдей зерттелетін этномәдени бірліктердің концептуалдық, семантикалық өрісін анықтап, болашақ ұрпаққа зерделеу ісі рухани жаңғыру үрдісін толықтыратын әрі пысықтай түсетін ғылыми-әдістемелік негіз ретінде айқындалуда. Сонымен қатар қазақтың ұлттық болмысын, ұлттық ерекшелігін танытатын, өткен тарихы мен тұрмыс-тіршілігінен хабар беретін, қазақы ұлттық дәстүрдің бейнесін айқындайтын этномәдени бірліктерді келешек ұрпақ санасында сіңіру ісі ұлттық құндылықты дамытудың жалғастығын білдіреді. Осы мүддеге сәйкес этномәдени бірліктерді топтастырып, жинақтап, танытудың заманауи озық технологиясы ретіндегі ұлттық корпуста беру жаңа заман тіл иесі санасын танымдық-ақпараттық құрылымдауға септігін тигізеді.

Зерттеуші М.К. Бисенбаева өзінің «Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде)» атты докторлық диссертациясында: «Ана тілінің қоғамдағы орны, тіл арқылы ұлтты тануға деген қажеттілік туады. Осындай ұлтты тануға негіз болатын ұлттық бояуы қалың да айшықты, ұлттық дүниетаным мазмұнды тілдік бірліктер – лингвомәдени (этномәдени) бірліктер» (Бисенбаева, 2019: 169), – деп тұжырымдаған болатын. Ол аймақтық лексиканың қазіргі қазақ тілін дамытудағы рөлін де айқындаған. Ұлттық корпуста берілетін этномәдени атаулардың мазмұнын ашуда да көрсетілген зерттеулердің нәтижесі мен тұжырымдары ғылыми-әдістемелік негіз ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар мәдени-семантикалық белгіленім мен лексикалық мағынасын ашып көрсетіп, этномәдени тілдік бірліктердің қорын жасап, ұлттық корпустың ішкорпусын қалыптастыру – тіл арқылы ұлт болмысын танудың кешенді жүйесі.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ұлттық корпус компьютерлік біліктілік пен керек мәліметтерді іздеу жолдары үшін тілдің қазынасын сақтай отырып, мемлекеттік тілдің даму саласында өзекті болып, инновациялық-ақпараттық технологиялардың негізінде оқу үрдісін жаңартуға бағытталған. Ғалым А. Жұбановтың пікірінше, «ұлттық корпус сол тілдің өмір сүрген белгілі кезеңіндегі сан алуан жанрын, стилін, аймақтық, әлеуметтік нұсқасын және т.б. да түрлерін қамтиды. Ұлттық корпус ғылыми зерттеулердің түр-түрін жүргізуді қамтамасыз етеді: лексикографияға, жасанды интеллектіге, әдебиеттануға сөйлеу тілін талдау мен жинақтауға және лингвистиканың барлық салаларына қатысты зерттеу түрлері. Сонымен бірге академиялық сөздіктер мен ғылыми грамматикаларды құрастыру да корпустар негізінде жүзеге асады» (Жұбанов, 2014: 45).

Корпус жасаудың арқасында зерттеушінің уақытын үнемдеу, яғни тілдік ақпараттарды іздеу жұмысы мен тілдік бірліктерді реттеу және т.б. мәселелерді шешетіні сөзсіз.

Ұлттық корпусты құру қазақ тілін үйренуге, тіліміздің тарихын танып білуімізге, ұлттық болмысымызды танытатын этномәдени бірліктерімізді лексикографиялық тұрғыдан стандарттау бойынша жұмыстар жүргізуге, оқулықтар, сөздіктер, анықтамалық құралдарды құруға, тілдік бірліктердің статистикасын шығаруға мүмкіндік береді.

Ұлттық корпустың тағы бір пайда болу себебі техникалық құралдардың көмегімен үлкен қашықтықтарда информацияларды тарату қажеттілігіне байланысты. Сонымен бірге ақпараттық технологияның дамуы үлкен көлемді мәтіндермен жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Қазақ тілінің ұлттық корпусының қалыптасуы – Қазақстан үшін маңызды мәселелердің бірі. Біз қарастырып отырған этномәдени ішкорпус – бұл дайындалып жатқан Қазақ тілінің ұлттық корпусының бір саласы. Бұл маңызды жұмыспен Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының

Этнолингвистика бөлімі арнайы айналысып отыр. Оның алғашқы қадамы ретінде біз этномәдени бірліктерді жинап, топтастырып, лексикалық, мәдени-семантикалық мағынасын ашып көрсетеміз. Соңында этномәдени бірліктердің сөздігін жасаймыз. Бұл жұмыс этномәдени бірліктердің ішкорпусының глоссарийі ретінде пайдаланылады.

Қазақ лексикография теориясының негізін қалаушы, профессор М. Малбақов лексикография саласының алдында тұрған мәселелерді көрсетуде сөздіктің маңыздылығын атап өткен еді. Ол: «Сөздік – бір тілдегі лексикалық бірліктер жиынтығы ғана емес, ол өзінің мақсаты мен арналған адресатына байланысты сөздік түзудің басты ұстанымдарын, сөздікте қамтылатын негізгі параметрлер құрамын анықтау керек» (Малбақов, 2002: 76), – деген болатын. Себебі тілдің танымдық қызметі ана тіліміздің қорында, оның сүбелі кездерінің бірі ретіндегі аймақтық қолданыста сарқылмайтын құндылық ретінде сақталып келе жатыр. Заманауи антропоэлектік бағытқа сәйкес профессор М. Малбақов: «Сөздің қазынасы – сан ғасырдың тарихи-әлеуметтік жағдайы, ата-бабамыздың елдік, ерлік салты, мәдени-рухани ғұрпы, тағдырын сипаттайтын қазақ мәдениеті мен дүниетанымының энциклопедиясы, этномәдени коды» (Малбақов, 2002: 78), – деген тұжырымдарды қолдана отырып, түрлі ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасап келеді. Шынында, сөздік ісі – үздіксіз ізденіске, терең білімге толы зерттеу нәтижесі. Қазіргі тіл ғылымында сөздіктің төмендегі қызметтері белгілі: 1. Жинақтау, анықтау, жүйелеу, тіркеу қызметі; 2. Танымдық; 3. Реттеушілік; 4. Сипаттамалық; 5. Атауыштық; 6. Нормативті-коммуникативтік; 7. Тіл мәдениетін арттыру қызметі; 8. Мемлекеттік тіл мәртебесіне сай қызметі; 9. Мәдениетаралық коммуникация; 10. Зерттеулерге дәйектік қызметі т.б.

Тіліміздің сөздік қорын түгендеп, ұмыт бола бастаған түрлі атауларды жаңғыртып, жандандыра түсетін лексикографиялық еңбектердің қызметі ерекше болмақ. Қазіргі кезде сөздіктердің дәстүрлі жазба нұсқасымен қатар электронды нұсқасы қатар жүріп отыр. Осыған байланысты интернет-инновациялардың даму барысында жаңа лексикографиялық технологиялар алдыңғы қатарға шыға бастады. Қазақ тіл білімінде лексикография бағыты бойынша жаңа технологияларға деген қажеттілік «Қазақ тілінің ұлттық корпусын» жасау болып отыр. Корпустық жүйеде сөздің қолданыстағы қаншама контекстері көрсетілгендіктен, сөздікке енгізілмеген мағыналық реңкті айқындап беретін мысалдар да кездеседі.

Төменде көрсетілген этномәдени бірліктердің ыдыс-аяққа байланысты атауларын қарастырып көрейік. Ұлттық сөйленістер бойынша осы тілдік қолданыстағы топтардан *абдыра*, *тепем*, *кермағаш*, *күбі* т.б. сөздер кездеседі. *Абдыра* сөзі қазақ сөйленістеріндегі *а-ә* алмасуларына сәйкес *әбдіре* деп өзгерген. Алматы облысы, Петропавл, Қызылорда, Жамбыл, Қарақалпақ қазақтары тілінде «үлкен ағаш сандық» мағынасын білдіреді (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 11).

Орыс ғалымы В.И. Рассадиннің көрсетуі бойынша, «*абдыра* – сандық, қобдиша» (Рассадин, 1980: 115), монғол тілінде «*авдар* – кебеже сандық» (Монғ.-каз. сөзд., 1954: 13), қырғыз тілінде «*абдыра* – үлкен жәшік, сандық» (Юдахин, 1985: 18), хакас тілінде «*абдыра* – қобдиша, кішкене сандық» (Хак.-рус. сл., 1953: 13), қалмақша «*авдр* – сандық, жәшік» (Рус.-калм. сл., 1964: 693).

Сөздің таралу көлеміне қарағанда, бүкіл түркі тілдеріне өте ертеде қолданысқа енген, күнделікті тұрмыста қолдануға қолайлы зат ретінде осы халықтардың бәріне ортақ қолданылған. Жамбыл облысының кейбір аудандарында *абдырия* – «жастықтың астына қоятын ағаш» ретінде танылған.

Бұл атаулардың қазақ ұлттық сөзқолданысы Батыс аймақтарында сақталғандығы байқалады: 1. Ердің екі қапталының астына салатын желдік. Аттың жон арқасына қалыңдап салатын киізден жасалған бұйымды *желдік* дейді. 2. Былғары тоқым, асты киіз, үсті былғары әбзел. Тоқымды қазақи нақышта сәндік ретінде салады (Атырау обл., Маңғыстау). 3. Тебінгі, тоқым. Тоқымның астына салынатын бұйымды кейбір аймақтарда *ішкілік* немесе *терлік* деп атайды. Қызылорда, Арал аймағында көп қолданысқа енген. *Тегене/тегеш/тепем/тегентай* – «үлкен, шұңғыл ыдыс». М. Қашқари сөздігінде *тегене* түрінде берілген (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 493). Бұл сөзқолданыс солтүстік аймақтарға да тән. «Қызым, омақадағы *тегенені* босатып, қоңсыға апарып бер». Ресейдегі Омбы аймағында көп қолданылады.

Міне, осы атаулардың барлығын салыстыра зерттеу арқылы жұмысымыздың алғашқы

жоспары болған этномәдени бірліктердің сөздігін құрастырып алдық.

Енді этномәдени бірліктерді ұлттық корпуста беруге байланысты мынадай ерекшеліктерін көрсетейік:

- 1) этномәдени бірліктер азатжолдан қою бояумен беріліп, нүкте қойылып отырады;
- 2) этномәдени бірліктердің лексикалық мағынасы мен мәдени семантикалық мағынасы он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» мен т.б. лексикографиялық еңбектердің негізінде ашылады; лексикалық мағынасы курсивпен ерекшеленеді;
- 3) этномәдени бірліктерден кейін стильдік белгісөздер (пометалар) қойылады;
- 4) мағына түсіндірілгеннен кейін иллюстрациялық материалдар ретінде мысалдар беріледі, мысалдар көбінесе көркем мәтіндерден алынады.

Осы бағытта топтастырылып, мағынасы ашылған этномәдени бірліктердің аймақтық сөздіктегі берілу үлгісін былайша көрсетуге болады.

*Асадал – этн. ыдыс (Жамб., Шу; Сем., Аяг.). Ыдыс салатын сырлы, оюлы ағаш шкаф.* Асадалды қақпағын өрнектеп те жасайды (Жамб., Шу). Кебеже, сандықтарға қарағанда биік болып келеді. Оның екі немесе үш сөресіне күмістелген қақпақтар орнатылады. Ақтөбе өңірінде асадалды *сапаяқ*, Көкшетау жақта *бөгіребас* деп атайды. Төрт ағаш жақтауы өзара көлденең бекітіледі. Осындай бекітілген ағаш жақтаулары асадалдың *сұлбасы* деп аталады. Ол сұлбаның әр бетіне тұтастырылып, ұстатылған ағаштар асадалдың жабылған жақтарынан кейінгі жалғасы оның аяқтары деп аталады. Асадалдың үстіңгі бөлігіне бір тартпа орнатылады. Асадалдың алдыңғы жағы өю-өрнекті сүйек пен металл пластиналарымен безендіріліп, пластиналар қалпақты әшекей шегелермен бекітіледі (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 72).

*Тас түнек. Дала тым-тырыс. Қос босағасындағы оюлы сүйек асадалдың үстінде жылтыраған май шамның өлеусіреген әлсіз жарығы маңынан аспайды. (Сәкен Жүнісов. Ақан сері).*

*Адалбақан – этн. жиһаз (Сем., Аяг.). Киім ілуге арналған ашалы, ою-өрнекті ағаш.* Киім, зат ілетін бұтақшалары бар үй жиһазы. Металдан, ағаштан және металл мен ағаштан біріктіріліп жасалады. Оның пішіні әртүрлі болып келеді. Ағаш пен темірден жасалып, алтын мен күміспен әшекейленеді. Төменгі бөлігі бунақталып, жоғарыдан төмен қарай түрлі қызыл, жасыл, сары бояулармен жолақтана боялады. Бунақтың жоғарғы жағынан күмістелген төрт-бес темір сақина кигізіледі. Сақиналардың араларына үш-үштен құстың басы сияқты күмістелген темір ілгектер бекітіледі. Жоғарғы төртінші сақинаның үстіңгі жағы жіңішкелене келіп ашаланып, күмістелген темір орнатылады. Осы тұсынан уыққа байланады. Баянауылдың шебері Б. Тоққариннің ағашқа темірді құймалау, соғу жолымен жасалған, ортасынан бүктелетін адалбақанның ерекше түрі сақтаулы. Металл бетіне күміспен күштеп, көгеріс өрнегін салып, ақық қондырып сәндеген. Биіктігі – 280 см, төмен қарай жуандау болып келеді. Төрт жерден жалпақ сақиналар орналастырылған. Металдан жасалған ою-өрнекті адалбақанның ұзындығы – 244 см, екі ашасының аралығы – 17 см, бір-біріне киілетін алмалы үш бөліктен тұрады. Төрт қырлы етіп, бетіне күмістен ою-өрнектер бедерлеген. Баскиім ілуге арналған басы бәйшешек қауызы сияқты етіп жасалған. Төменгі жағына екі аяқ бекітілген. Халықтың ұғымында адалбақан қасиетті таза мүлік деп есептелген. Ол ұзатылатын қыздың жасауына енеді, басқаға тарту етілмейді. Бағалы құнды заттың орнына жүрегін адалбақанды шеберлерге арнайы ақы беріп, тапсырыспен жасатқан. Әшекейленбеген, ас-суға қолданылатын бұтақты ашабақанды кейде ел арасында *адалбақан* деп атаған (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 19).

*Сонау адалбақанның төрдегі кебеже, жұкаяқтың беттеріне ойып салған өрнектер, қондырған сүйектер сонша нәзік, сонша әдемі (Ғ. Мұстафин. Дауыл.). Әсет шапанын жер төсектің бас жағындағы адалбақанға ілді (Қ. Толыбаев. Әсет).*

*Боқша – этн. бұйым (Сем.: Абай, Ақс., Көкп.), сөмке. Матадан тігілген қалта, портфель.* Мектепке баратын болсаң, боқшаң қайда? (Сем., Ақс.). Қыздардың қуыршақ салып қоятын ыдысы (Жамб.: Мер., Шу). Жасы үлкен әйел адамның жиған-терген мүлкі, тұтынған заттары, жиған-терген мұрасы. Қайтыс болған адамды жерлеп келгеннен кейін оның көзі тірісіндегі жақын адамдарына сыйлаған, көпшілік тарқап кеткен соң, келіндері, бала-шағалары, жекжат-жұрағаттары, ағайындары артынан қалып, сандықты ашады. Бұрын «боқшаны ашу» деп аталса,

қазіргі кезде «ақырет сандық ашу» деп аталады. Ортаға әкелінген боқшаның құлыбын арнайы бір әйел ашады. Кемпірдің ең үлкен қызы немесе сол үйдің келіні ашып, ең бірінші, жолы үлкендерден бастап, жағалы киім, орамал, мата, кездеме, шапан, әшекей, қант, науат секілді жиған-тергендерін таратады (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 148).

*Боқшаны «қалта» деп атайды. Шешем берген боқшасы шалылыңқы көрінді (Е.Раушанов. Сайын батыр.).*

*Бүйен – этн. ыдыс (Алм.: Жам., Тедж., Мары). Мал бүйенінен сарымай сақтауға арналған ыдыс. Малдың ащы ішек пен тоқ ішектің тоғысатын тұсындағы тұйық, жуан ішектен дайындалатын ыдыстың түрі. Алматы облысының кейбір ауыл аймақтарында бүйен ыдысын жасау үшін сойылған малдың, соның ішінде ешкі, қой, сиырдың бүйенін айналдырып, тазалап, тұздық суға салып, иіс-қоңсы кеткен соң жуып, оны үрлеп, көлеңкеде кептіреді. Тобырсыған кезде сарымай сіңіріп, жұмсартып сақтайды (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 63).*

*Арпа қаузаиды, бидай қуырады, оқушы балалардың қой ауылдан біреу б ү й е н з е, біреу қарынга, біреу шөлмекке құйып әкелген шөкім сүтін пісіріп, айран ұйытады (Ә. Кекілбаев. Бір шөкім бұлт.).*

*Бұлқыншақ – этн. ыдыс (ҚХР). Жылқының, ешкінің терісінен жасалатын сұйық ас құятын ыдыс. Жылқының сан терісі мен тілерсек терісінен жасалған, сусын сақтауға, тасымалдауға ыңғайлы ыдыстың түрі. Дәстүрлі ортада мал бағуға, сапарға шыққанда қымыз, ашыған көже, шұбат, шалап, қойыртпақ т.б. сусындарды бұлқыншаққа құйып алып жүрген. Жылқының (тай, құнан) сан терісінен жасалатындықтан, сыйымдылығы он шақты литр сұйықтықты қамтитындай болады. Жіліншек жағындағы бөлігін ауыз жасап, оған лайық ағаш тығын жонылады. Бұлқыншақты сыртына түгін қалдырып немесе өрнектеп жасайды (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі, 2005: 160).*

Ұста Д. Шоқпарұлы ыдыстың мұндай түрінің бұлқыншақ аталуы оның мойны қайқы болғандықтан, қанжығада немесе адам иығына асулы кезінде бұлқынып, шайқалып тұратындығына байланысты пайымдайды. Бұлқыншақты керегенің басына бауынан іліп қоюға болады. Салт атпен жүргенде ердің алдыңғы жағына ілінеді немесе қанжығаға байланады. Жаяу адам иығына асып жүреді. Бұл ыдыс малшы қауымның ыстық күндерде айран, шалап, қойыртпақ құюына мейлінше пайдалы (Уақатов, 1983: 50).

### **Қорытынды**

Қорыта келгенде, төл мәдениетімізді жаңғыртып, мәдени мұраларымыздың мәнін түсінудің қажеттілігі үшін этномәдени бірліктердің этномәдени мазмұнын ашудың маңыздылығы айқындалды. Этномәдени бірліктерді жинақтап, ұлттық құндылықтарды тану тіл иесінің танымдық қабілетін дамытып, өз ұлтының мәдениеті астарланған этнобірліктердің табиғатын түсінуге ықпал жасайды. Көптеген материалдық және рухани мәдени өнімдер күнделікті қолданыста болмағандықтан, қазіргі тіл тұтынушысына танылмауы мүмкін. Мақаламызда аймақтық қолданыста сақталған сол бейтаныс атаулардың мағынасын іздеп, тануға ұмтылдыру үшін зерттеушілерге, студенттерге, мектеп мұғалімдеріне, оқушыларға т.б. қоғамдағы тіл құдіретіне қызығушы әлеуметке арнап, кейбір көне этномәдени атаулардың этномәдени мағынасын ашудың ұлттық корпуста берілген үлгісін көрсетуге тырыстық. Демек, болашақ ұрпақтың этномәдени сөздерді ұмытпай, тілдік қолданысын түсінуі мен қазақ тілін зерттеушілерге көлемді тәжірибелік материалды тез тауып, оларға әрі қарай зерттеу жүргізу үшін қазақ тілінің ұлттық корпусы таптырмас құрал деп білеміз.

### **Әдебиеттер**

Бектемирова С.Б. (2011) Лексикалық бірліктердің этномәдени табиғаты (түркі тілдеріндегі кинологиялық атаулар негізінде) // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы. – 2011. – №1 (54).

Бисенбаева М.К. (2019) Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары негізінде): философия докторы (PhD) ... дисс. – Алматы, 2019. – 169 б.

Жұбанов А.Қ. (2014) Принципы автоматизации морфологической разметки текстов Национального корпуса казахского языка // Материалы международной научно-практической конференции «Контрастивные исследования и прикладная лингвистика». – Минск, 2014.

Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 824 б.

- Малбақов М. (2002) Бір тілді түсіндірмелі сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.  
Монғолша-қазақша сөздік. – Ұланбатыр: Моңғол мемлекет баспасы, 1954. – 396 б.  
Рассадин В.И. (1980) Монголо-бурятские заимствования в сибирских тюркских языках. – Москва: Наука, 1980. – 115 с.  
Русско-калмыцкий словарь. – Москва: Изд-во Советская энциклопедия, 1964.  
Уақатов Б. (1983) Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.  
Хакаско-русский словарь. – Москва, Гос. изд-во иностранных и национальных словарей, 1953.  
Юдахин К.К. (1985) Киргизско-русский словарь. – Фрунзе, Главная редакция Киргизской Советской Энциклопедии, 1985.

### References

- Bektemirova S.B. (2011) Leksikalyq birlikterding jetnomadeni tabigaty (turki tilderindegi kinologijalyq ataylar negizinde). – QazUU Habarshysy. Filologija serijasy. – Almaty. – 2011. – №1 (54). [Bektemirova S.B. (2011) Ethnocultural nature of lexical units (based on canine names in Turkic languages). – Bulletin of KazNU. Philology series. – Almaty. – 2011. – №1 (54)] (in Kazakh)
- Beisenbaeva M.K. (2019) Jetnomadeni leksikanyng tanyndyq-qatysymdyq qyzmeti (aimaqtyq leksika materialdary negizinde): filosofija doktory (PhD) ... diss. – Almaty, 2019. – 169 b. [Beisenbayeva M.K. (2019) Cognitive and participatory activity of ethno-cultural vocabulary (based on the materials of regional vocabulary): diss. ... Doctor of Philosophy (PhD). – Almaty, 2019. – 169 p.] (in Kazakh)
- Hakassko-russkij slovar. – Moskva, gos. izd. inostrannyh i nacionalnyh slovarej, 1953. [Khakass-Russian dictionary. – Moscow, State publ. house of foreign and national dictionaries, 1953] (in Russian)
- Malbaqov M. (2002) Bir tilde tusindirme sozdikting qurylymdyq negizderi. – Almaty: Gylym, 2002. – 368 b. [Malbaqov M. (2002) Structural foundations of a monolingual dictionary. – Almaty: Gylym, 2002. – 368 p.] (in Kazakh)
- Mongolsha-qazaqsha sozdik. – Ulanbatyr: Mongol memleket baspasy, 1954. – 396 b. [Mongolian-Kazakh dictionary. – Ulanbatyr: Mongolian State Publishing House, 1954. – 396 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining ajmaqtyq sozdigi. – Almaty: Arys, 2005. – 824 b. [Regional Dictionary of the Kazakh language. – Almaty: Arys, 2005. – 824 p.] (in Kazakh)
- Rassadin V.I. (1980) Mongolo-burjatskie zaimstvovaniya v sibirskih tjurkskih jazykah. – Moskva: Nauka, 1980. – 115 s. [Rassadin V.I. (1980) Mongol-Buryat borrowings in Siberian Turkic languages. – Moscow: Science, 1980. – 115 p.] (in Russian)
- Russko-kalmyckij slovar. – Moskva: Izd. Sovetskaja jenciklopedija, 1964. [Russian-Kalmyk dictionary. – Moscow: Publ. house Soviet Encyclopedia, 1964] (in Russian)
- Uaqatov B. (1983) Qazaqtyng turmys-salt zhyrlarynyng tipologijasy. – Almaty: Gylym, 1983. – 160 b. [Uaqatov B. Typology of Kazakh folk songs. – Almaty: Gylym, 1983. – 160 p.] (in Kazakh)
- Judahin K.K. (1985) Kirgizsko-russkij slovar. – Frunze, glavnaja redakcija Kirgizskoj sovetskoj jenciklopedii, 1985. [Yudakhin K.K. (1985) Kyrgyz-Russian dictionary. – Frunze, the main editorial board of the Kyrgyz Soviet Encyclopedia, 1985] (in Russian)
- Zhubanov A.Q. (2014) Principy avtomatizacii morfologicheskoy razmetki tekstov Nacional'nogo korpusa kazahskogo jazyka. – Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Kontrastivnye issledovaniya i prikladnaja lingvistika». – Minsk, 2014. [Zhubanov A.K. (2014) Principles of automation of morphological markup of texts of the National corpus of the Kazakh language. – Materials of the International scientific and practical conference «Contrastive research and applied linguistics». – Minsk, 2014] (in Russian)

*Мақаланың редакцияға түскен күні: 08.04.2024*